

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2018 жылғы «12» желтоқсандағы  
№19/2018 хаттамасы шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ  
СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУ  
ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

## **Жалпы ережелер**

Осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеті туралы ереже (бұдан әрі – **Ереже**) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – **ҚМГ**), ҚМГ Жалғыз акционерінің шешімімен, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы хаттама, бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – **Кодекс**), ең үздік халықаралық корпоративтік басқару практикасына сәйкес әзірленді және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – **Комитет**) міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін, сондай-ақ Комитеттің құрамын, оны құру, оның жұмысы мен ҚМГ органдарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібін белгілейді.

Комитет Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – **ДК**) консультативтік-кеңес органы болып табылады. Комитеттің барлық шешімдері ҚМГ ДК-нің қарауына берілетін ұсынымдары болып табылады.

Комитет ДК-ке есеп береді және оған ДК мен Ереже берген өкілеттіктердің шеңберінде жұмыс істейді.

### **1. Комитеттің міндеттері**

Комитет:

- 1.1. ҚМГ даму стратегиясы мен инвестициялық саясатының, оның ішінде ҚМГ қызметінің басым бағыттары;
- 1.2. ҚМГ-нің инвестициялық тартымдылығын арттыру, оның ішінде ҚМГ-дегі корпоративтік басқаруды жетілдіру арқылы арттыру;
- 1.3. ҚМГ-нің қаржы-шаруашылық қызметін лайықты түрде жоспарлауды қамтамасыз ету;
- 1.4. ҚМГ трансформациясының мониторингі бойынша ұсынымдарды әзірлеу және беру арқылы ДК-ге жәрдемдесу мақсатында құрылады және жұмыс істейді.

### **2. Комитеттің функциялары**

2.1. ДК-ге:

- 2.1.1. ҚМГ стратегиясын (миссиясын, көзқарасын, мақсаттары мен міндеттерін) және даму жоспарын бекіту;
- 2.1.2. Стратегияны іске асыру бойынша жол картасының мониторингі;
- 2.1.3. ҚМГ қызметінің (дамытудың) басым бағыттарын белгілеу және бекітілген ҚМГ қызметінің (дамытудың) басым бағыттарының сақталуын бағалау;
- 2.1.4. ҚМГ-нің инвестициялық жобаларының талаптарын, критерийлері мен орынды болуын айқындау;
- 2.1.5. инвестицияларды портфельді басқаруды ескере отырып, ҚМГ-нің инвестициялық жобаларының мониторингі;

- 2.1.6. Компанияның стратегиялық мақсаттарын ескере отырып, ҚМГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметіне қатысты үміттерді қалыптастыру;
- 2.1.7. Қазақстан Республикасынан тыс жерде ҚМГ филиалдары мен өкілдіктерін ашу және жабу;
- 2.1.8. басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) бес және одан да көп процентін сатып алу және иеліктен айыру;
- 2.1.9. ҚМГ-нің жер қойнауын пайдалану құқығын алуы, беруі (қайта беруі), жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға өзгерістер енгізу, ҚМГ-нің стратегиялық әріптестермен шарттар жасасуы;
- 2.1.13. корпоративтік ҚНК бекіту мәселелері бойынша ұсынымдарды әзірлеу.

- 2.2. Комитеттің міндеттеріне сәйкес, ҚМГ стратегиясын іске асыру тиімділігін және ҚМГ ДК шешімдерінің орындалуын бақылау;
- 2.3. Экономикалық және бәсекелестік ортаның ҚМГ-нің қолданыстағы даму стратегиясына тигізетін әсерін айқындау мақсатында, экономикалық және бәсекелестік ортадағы өзгерістерге мониторинг жүргізу және осы өзгерістерді ескере отырып, ҚМГ-нің стратегиясы мен даму жоспарының қайта қаралуын/қайта бағалануын қамтамасыз ету;
- 2.4. Комитет міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында, ҚМГ-нің лауазымды тұлғалары мен құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын үйлестіру;
- 2.5. ҚМГ ДК-ге мұнай-газ саласындағы инновациялық үрдістер мен ҚМГ-нің негізгі нарықтарындағы, оның ішінде қор нарықтарындағы үрдістер туралы ақпаратты беру;
- 2.6. Осы жобалардың ҚМГ-нің даму стратегиясына сәйкес келуін айқындау мақсатында, ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарының ірі мұнай-газ инвестициялық жобаларына талдау жүргізу;
- 2.7. Өзгерістердің ҚМГ-нің қолданыстағы даму стратегиясына тигізетін әсерді айқындау мақсатында, ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарының ірі мұнай-газ инвестициялық жобаларына мониторингті жүзеге асыру және осы өзгерістерді ескере отырып, ҚМГ-нің стратегиясы мен даму жоспарының қайта қаралуын/қайта бағалануын қамтамасыз ету.

### **3. Комитеттің өкілеттіктері:**

- 3.1. Комитет:
  - 3.1.1. ҚМГ Басқармасынан, лауазымды тұлғаларынан, Ішкі аудит қызметінің басшысынан, Корпоративтік хатшысынан, Омбудсменнен және ҚМГ-нің өзге де лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінен Комитетке міндеттерді орындау және жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат, ресми құжаттар, сондай-ақ түсіндірмелер беруді сұрауға;
  - 3.1.2. ҚМГ акционерлерінің, ДК, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің, сондай-ақ өзге де үшінші тұлғалардың Комитеттің функцияларына кіретін мәселелер бойынша өтініштерін қарауға;

- 3.1.3. ҚМГ-нің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін, сондай-ақ өзге де үшінші тұлғаларды, оларға дауыс беру құқығын бермей, өз қалауы бойынша Комитеттің жұмысына қатысуға шақыруға;
- 3.1.4. оған жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыруға қажетті өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.
- 3.2. Комитет:
  - 3.2.1. өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚМГ Жарғысын, Корпоративтік басқару кодексін және ҚМГ-нің өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алуға;
  - 3.2.2. өз қызметін ҚМГ мен оның акционерлерінің мүдделерінде жүзеге асыруға;
  - 3.2.3. Комитет мүшелерінің мүдделер қақтығысының Комитеттің қызметіне әсер етуіне жол бермеуге;
  - 3.2.4. ДК-нің талап етуі бойынша Комитеттің қызметі туралы есепті беруге;
  - 3.2.5. Комитеттің қызметі туралы есепті күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін, жылына 1 рет ДК-нің қарауына шығаруға міндетті.

#### **4. Комитеттің қалыптастыру:**

- 4.1. Комитет Директорлар кеңесі мүшелерінен және (қажет болғанда) Комитеттегі жұмыс үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан құрылады және кем дегенде, үш мүшеден тұрады, олардың көпшілігі тәуелсіз директорлар болуы тиіс. ҚМГ Басқармасының төрағасы Комитеттің құрамына сайланбайды.
- 4.2. Комитеттің төрағасы мен мүшелері ҚМГ Жарғысында белгіленген тәртіппен сайланады. Бұл ретте, Комитеттің төрағасы тәуелсіз директорлар арасынан сайланады.
- 4.3. Комитет мүшелері өкілеттіктерінің мерзімі олардың Директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі өкілеттіктерінің мерзімдеріне сәйкес келеді, бірақ ДК оларды жыл сайын қайта қарап отырады.
- 4.4. Комитет сарапшылар Комитеттің отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатысады. Комитеттің сарапшылары Комитеттің хатшысы арқылы Комитетке жазбаша түрде хабарлау арқылы Комитеттің отырыстарына бастамашылық етуге, өз бастамасымен өзінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

#### **5. Комитеттің төрағасы:**

- 5.1. Комитеттің жұмысын ұйымдастырады;
- 5.2. Комитеттің отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;
- 5.3. Комитет отырыстарының күн тәртібін бекітеді. Бұл ретте, Комитеттің төрағасы мәселені Комитет отырысының күн тәртібіне қосу қажеттілігін өз айқындайды;
- 5.4. Комитеттің отырыстарында мәселелердің тиімді шешілуін ұйымдастырады;
- 5.5. Комитет отырыстары жоспарларының әзірленуін ұйымдастырады;
- 5.6. Комитеттің жұмысы туралы есептің дайындалуын қамтамасыз етеді.

## **6. Комитеттің жұмысын ұйымдастыру:**

- 6.1. Комитеттің отырыстары іштей нысанда жүргізіледі.
- 6.2. Комитет хатшысының функцияларын ҚМГ-нің корпоративтік хатшысы жүзеге асырады.
- 6.3. Комитеттің хатшысы Комитеттің отырыстарын дайындауды және өткізуді, отырыстарға арналған материалдарды жинау мен жүйелеуді, Комитеттің отырыстарын өткізу туралы хабарландыруларды, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды Комитеттің мүшелері мен шақырылған тұлғаларға уақытылы жіберуді, отырыстарда хаттама жүргізуді, Комитеттің шешімдері мен тапсырмаларының орындалуына мониторинг жүргізуді, сондай-ақ барлық тиісті материалдарды одан әрі сақтауды қамтамасыз етеді.
- 6.4. Хатшы Комитет мүшелерінің қажетті ақпарат пен құжаттарды уақытылы алуын қамтамасыз етеді.
- 6.5. Комитеттің отырыстары Комитеттің төрағасы бекіткен жоспарға сәйкес өткізілуі мүмкін және қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кем дегенде төрт отырыс өткізілуі мүмкін.
- 6.6. Комитеттің кезекті отырысын шақыру, өткізу күні, уақыты мен орны және күн тәртібінің мәселелері туралы шешімді, сондай-ақ Комитеттің отырысына шақырылатын тұлғалардың тізбесі туралы шешімді Комитеттің төрағасы қабылдайды.
- 6.7. Комитеттің кезектен тыс отырысы Комитет төрағасының шешімі бойынша өткізіледі және Комитеттің, ДҚ, Басқарманың кез келген мүшесі немесе ҚМГ-нің барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлға оған бастамашылық етуі мүмкін.
- 6.8. Комитеттің отырыстарын өткізу туралы хабарландыру күн тәртібімен бірге Комитеттің отырысын өткізу күніне дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, отырысқа қатысатын тұлғаларға жіберілуі тиіс.
- 6.9. Комитет төрағасының шақыруы бойынша, Комитет отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру құқығынсыз, үшінші тұлғалар Комитеттің отырыстарына қатыса алады.
- 6.10. Комитеттің шешімдерді Комитеттің барлық мүшелерінің жалпы санынан жай көпшілік дауысымен қабылданады. Комитеттің шешім қабылдауы үшін қажетті кворум Комитет мүшелерінің жалпы санының кем дегенде жартысын құрайды. Дауыстар тең болған жағдайда, Комитет төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 6.11. Комитеттің әрбір мүшесі Комитет отырысының хаттамасына қоса берілетін өзінің ерекше пікірін білдіруге құқылы. Жекелеген мәселелер бойынша шешімді Комитет мүшелерінің мүдделілігіне орай қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда, осындай факт Комитет отырысының хаттамасында көрсетілуі тиіс.
- 6.12. Комитет отырысының хаттамасы бір данада жасалады және Комитеттің төрағасы мен хатшысы оған қол қояды.

6.13. Комитет отырысының хаттамасында мәселелердің атауы мен қабылданған шешімдер, сондай-ақ Комитеттің мүшелері хаттамаға қосуды ұсынған олардың пікірлері көрсетіледі.

**7. Ережені өзгерту тәртібі**

Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ДК шешімінің негізінде жүзеге асырылады.